

*Академияның Ғылыми
кеңесінің 2023 жылғы 29
наурыздағы (№13 хаттама)
шешімімен бекітілген*

**«7M04105 – Мемлекеттік саясат»
магистратура білім беру бағдарламасы**

1. Бағдарламаның атауы: «7M04105 – Мемлекеттік саясат» магистратура білім беру бағдарламасы (даярлау бағыты «7M041 – Бизнес және басқару»).

2. Оқу мерзімі: 2 жыл

3. Барлық кредиттер (ECTS): 122

4. Бағдарламаның сипаттамасы:

Үздік халықаралық тәжірибелерді ескере отырып әзірленді және мемлекеттік саясатты қалыптастыру, іске асыру, талдау және бағалау құзыреттеріне ие, фискалдық басқару және бюджеттеу әдіснамасын, стратегиялық менеджмент пен көшбасшылықты, әлеуметтік саясатты, коммуникация дағдыларын, мемлекеттің ашықтығын, есептілігі мен тиімділігін қамтамасыз етуді, құқық қолдану практикасы мен әкімшілік рәсімдер тетіктерін, адами ресурстарды басқару құралдарын меңгерген мемлекеттік қызметшілерді даярлауға бағытталған.

5. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері:

Мақсаты: Тиімді басқарушылық шешімдер қабылдау үшін мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен іске асырудың кәсіби дағдыларына ие мемлекеттік қызметшілерді даярлау.

Бағдарламаның міндеттері:

- мемлекеттік саясатты тиімді қалыптастыру және іске асыру үшін басқару процесін талдау, бағалау және модельдеу дағдыларын дамыту;
- басқарушылық шешімдер қабылдау процесін ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру;
- мемлекеттік қызметшілердің жеке қасиеттерін және мемлекеттік аппаратқа қойылатын талаптарға сай құзыреттерін дамыту.

6. Бағдарламаның артықшылықтары:

- оқытудағы пәнаралық, жеке және құзыреттілік тәсіл, оқытудың интерактивті әдістерін қолдана отырып, нақты жағдайларды шешу арқылы оқытудың практикаға және нәтижеге бағдарлануы;

- 2 дипломдық білім алу мүмкіндігі;

- мемлекеттік саясатты дамытудың өзекті мәселелерін шешуге бағытталған магистрлік жобаны орындау;

- мемлекеттік, орыс, ағылшын тілдерінде оқыту;

- жетекші лектор-практиктерді, мемлекеттік және квазимемлекеттік секторлардың шақырылған дәріскерлері мен сарапшыларын тарту;

- кәсіби және сараптамалық нетворкингті дамыту, әртүрлі министрліктер мен ведомстволардың мемлекеттік қызметшілерімен өзара іс-қимыл, өзара оқыту.

7. Оқытудың күтілетін нәтижелері:

Тиімді коммуникациялар құру – өз қызметін әріптестерімен үйлестіре біледі, қарым-қатынасқа ашық, іскерлік ынтымақтастыққа дайын, қажет жағдайда әріптестеріне көмектеседі, жанжалдарды ортақ іс үшін пайдалы шешуді біледі, сонымен бірге өз көзқарасын дәлелді түрде жеткізеді және әріптестерінің пікірін ескереді, топтың/команданың жұмысын қалыптастыра алады/ мүдделі тараптармен тиімді жұмыс жасайды.

Этикалық нормалар мен қағидаттарды ұстану – этикалық кодекске сәйкес кез келген жағдайда этикалық мінез-құлық ережелерін қатаң сақтайды, парасаттылық, адалдық, ізгі ниет,

әріптестер мен мүдделі тараптарды құрметтеу қағидаттарын ұстанады, стресстік жағдайда өзін ұстай алады, шешімді іздестіреді және табады.

Өзгерістерді басқару – ұйымдағы өзгерістерге оң көзқараспен қарайды, өзгерген жағдайға өз әрекеттерінің тактикасын бейімдей алады, сәтсіздіктің себептерін талдайды және тәсілдерді немесе стратегияларды өзгертеді, жұмысшылардың бастамаларын қолдайды және ынталандыра алады.

Нәтижеге бағдарлану – күрделі мақсаттар қойып, оларға қол жеткізе алады, міндеттерді орындау үшін қосымша күш салып, нәтижеге жету үшін жауапкершілікті өз мойнына ала алады.

Дербестілік және шешім қабылдай білу – мүмкіндіктерді, тәуекелдерді талдай алады, сондай-ақ ресурстарды есептей және жоспарлай алады, белгісіздік жағдайында тиімді әрекет ете алады, ықтимал тәуекелдерді ескере отырып, мәселелерді шешудің бірнеше нұсқасын ұсынады.

Ынтымақтастық – қызметкерлерді құзыреті шегінде мемлекеттік органдармен және ұйымдармен тиімді өзара іс-қимыл жасауға бағыттайды, қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін әрбір қызметкердің әлеуетін пайдаланады, мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшелерімен бірлесіп жоспарларды іске асырады және жалпы нәтижелерге қол жеткізе алады.

Жеделдік – ұжымға жаңа басымдықтарды уақтылы жеткізеді, өзгерістерге уақтылы ден қою үшін тиімді шаралар әзірлейді, бөлімшені тиімді басқара алады және ішкі және сыртқы өзгерістер кезінде нәтижеге қол жеткізе алады.

Өзін-өзі дамыту – перспективалы қызметкерлерді анықтай біліп, оларды ілгерілету бойынша ұсыныстар енгізеді, қызметкерлерді дамыту бойынша жүйелі шаралар қабылдайды, өзін-өзі дамытуға деген ұмтылысты өзі арқылы көрсетеді.

8. Бағдарлама құрылымы және академиялық контент:

Семестр	Пәннің атауы	ECTS
1	Мемлекеттік басқару	4
	Деректерді талдау негізінде шешім қабылдау	4
	Мемлекеттік басқарудағы қолданбалы экономика	4
	Зерттеу әдістері мен дизайны	3
	Ұйымдық мәдениет және этика	3
	Кәсіби ағылшын тілі	3
	<i>Теориялық оқу бойынша барлығы</i>	21
	<i>Магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – МЭЗЖ)</i>	10
1-СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ		31
2	Мемлекеттік саясатты талдау	4
	Құқық қолдану практикасы және әкімшілік рәсімдер	4
	Кеңістіктік даму және басқару	4
	Ресми жазылым және дискурс	3
	Таңдау бойынша компонент	7
	<i>Өндірістік практика</i>	4
	<i>Теориялық оқу бойынша барлығы</i>	26
	<i>МЭЗЖ</i>	5
2-СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ		31
3	Стратегиялық жоспарлау және болжау	4
	Экономикалық саясатты талдау және бағалау	4
	Әлеуметтік саясат	4
	Экологиялық саясат және тұрақты даму	4

	Таңдау бойынша компонент	8
	<i>Теориялық оқу бойынша барлығы</i>	24
	<i>Тағылымдама</i>	2
	<i>МЭЗЖ</i>	4
3-СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ		30
4	Реттеу саясаты	4
	Жобаларды басқару	3
	Инновациялық саясат	4
	Таңдау бойынша компонент	4
	<i>Теориялық оқу бойынша барлығы</i>	15
	<i>МЭЗЖ</i>	7
	<i>Қорытынды аттестаттау (магистрлік жобаны рәсімдеу және қорғау)</i>	8
4-СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ		30
Теориялық оқу қорытындысы + практика		86
Қорытынды аттестаттау (магистрлік жобаны рәсімдеу және қорғау)		8
МЭЗЖ + тағылымдама		28
МІНДЕТТІ ИГЕРУГЕ ҚАЖЕТТІ КРЕДИТТЕРДІҢ БАРЛЫҒЫ		122